

Мамлют ауданының селолық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық, білім, әлеуметтік қамту, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын алуға 2010 жылға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 наурыздағы N 22/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде N 13-10-110 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 қазандағы N 129 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2011.10.14 N 129 хаты)

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Мамлют ауданының селолық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық, білім, әлеуметтік қамту, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын алуға әлеуметтік көмек аудандық бюджет қаражатынан жылына бір рет 2010 жылға бір мың теңге сомасында келесі құжаттар негізінде берілсін:

- 1) өтініш;
- 2) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) жұмыс орнынан анықтама;
- 5) СТН көшірмесі.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған соң, он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Н. Сағандықов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

А. Нұртаев